

нәзімді
технология
және нәзімді
өндіретін



Қ.Сәтбаев атындағы аймақтық олимпиада туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Қ.Сәтбаев атындағы аймақтық олимпиада (бұдан әрі - Олимпиада) туралы осы Ереже жаратылыстану-математикалық бағыттағы және бағдарламалау пәндері бойынша олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізу тәртібін және оның ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етілуін айқындайды.

1.2. Олимпиада көрнекті ғалым және ғылымды ұйымдастырушы, өз заманының ең ірі ойшылы және табиғаттанушы – Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың құрметіне өткізіледі. Олимпиада Қ.Сәтбаевтың отаны Павлодар облысының Баянауыл кентінде өткізіледі.

1.3. Олимпиаданы ұйымдастырушы Павлодар облысы білім беру басқармасының «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы болып табылады.

1.4. Олимпиада математикалық, жаратылыстану-ғылыми және бағдарламалау бойынша 3 бағыт және математика, физика, биология, химия, география, информатика пәндерінен пәнаралық кешенді болып табылады.

1.5. Олимпиаданың мақсаты оқушыларды жоғары деңгейдегі олимпиадаларға дайындау жүйесін жетілдіру және жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер мен бағдарламалау бойынша олимпиадалық резерв құру болып табылады.

1.6. Олимпиада міндеттері:

- оқушылардың жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерге қызығушылығын ынталандыру;
- шығармашылық қабілеттерін және ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылығын анықтау және дамыту;
- дарынды балаларды қолдау үшін қажетті жағдайлар жасау, оқушылар арасында ғылыми білімді насихаттау.

2. Олимпиада қатысушылары

2.1. Олимпиадаға жалпы орта білім беру бағдарламаларын меңгеретін Павлодар облысының, республика өңірлерінің білім беру мекемелерінің 7 және 8-сынып оқушылары қатыса алады.

2.2. Олимпиаданың өтетін жеріне бара жатқанда, оны өткізу кезінде және тұрғылықты жеріне қайтар жолда Олимпиада қатысушылары үшін жетекшілер толық жауапты. Жетекшілерді тиісті білім беру органдары тағайындайды.

3. Олимпиаданы ұйымдастыру тәртібі

3.1. Олимпиаданы ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз ету үшін жыл сайын ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитетінің құрамы білім беру басқармасының бұйрығымен бекітіледі.

3.2. Ұйымдастыру комитеті жыл сайын Олимпиада күнін белгілейді, өткізу бағдарламасын, қатысушы командалардың тізімін, қазылар алқасының құрамын бекітеді, Олимпиаданың қорытындысын шығарады және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

3.3. Пәндер (пәндер кешендері) бойынша олимпиадалық тапсырмаларды әзірлеу жөніндегі қазылар алқасы мен комиссиялардың құрамы Павлодар облысы жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамынан және Олимпиаданы өткізуге қатысатын өзге де ұйымдардың өкілдерінен жасақталады.

3.4. Олимпиаданың әдістемелік комиссиялары пәндер (пәндер кешендері) бойынша олимпиада тапсырмаларының материалдарын әзірлейді, пәндер (пәндер кешендері) бойынша Олимпиада тапсырмаларының орындалуын бағалау өлшемшарттары мен әдістемелерін айқындайды.

3.5. Қазылар алқасы Олимпиада тапсырмаларын тексереді және Олимпиадаға қатысушылардың сынақтарының басқа түрлерін бағалайды, пәндер (пәндер кешені) бойынша Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің кандидатураларын айқындайды.

4. Олимпиаданы өткізу тәртібі

4.1. Олимпиада екі күн бойы 2 турда өткізіледі.

1 күн – 3 бағыттың бірін таңдау бойынша жеке жазбаша түрде:

- математикалық (математика, физика, химия пәндерінен кіріктірілген тапсырмалар);
- жаратылыстану (биология, география, химия пәндерінен кіріктірілген тапсырмалар);
- бағдарламалау (тілдердің бірінде есептерді шешу: Pascal, C++, Python).

2 күн – 6 пәннің бірін: математика, физика, химия, биология, география, информатика таңдау.

4.2. Олимпиада уақытында кез келген ақпарат көздерін және мобильдік байланыс құралдарын қолдануға тыйым салынады.

4.3. Ереже бұзған қатысушылар Олимпиададан шығарылады.

5. Олимпиада қорытындысы

5.1. Олимпиаданың қорытындылары әр турдың нәтижелері бойынша жеке шығарылады.

5.2. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

5.3. Олимпиаданың 2 туры бойынша ең үздік жиынтық нәтиже көрсеткен команда «Үздік олимпиадалық команда» кубогымен марапатталады.

6. Олимпиаданы қаржылық қамтамасыз ету

6.1. Қаржылық қамтамасыз ету Олимпиаданы өткізуге көзделген шығыстар сметасына сәйкес жүзеге асырылады. Олимпиадаға қатысу үшін ақы алуға жол берілмейді.

Қ. Сатпаев атындағы X аймақтық олимпиадасының бағдарламасы

26 мамыр (бейсенбі) – командаларды қарсы алу (жеке кесте бойынша)

27 мамыр (жұма)

11.00 – Баянауыл кентіне жол жүру (жиналу мекенжайы: Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған гимназия-мектебі, Айманов көшесі, 35)

16.00-17.00 – олимпиада қатысушыларын орналастыру

17.00-18.00 – кешкі ас

18.30-19.30 – Қ. Сатпаев атындағы X аймақтық олимпиадасының салтанатты ашылуы

20.00-21.00 – Танысу кеші («Жас даурен»)

21.30-22.00 – екінші кешкі ас

23.00 – ұйықтау уақыты

28 мамыр (сенбі)

7.30-8.30 – таңғы ас

8.45-8.55 – бірінші тур видеоролигін көрсету (мәжіліс залы, 2 қабат)

9.00-13.00 – Қ. Сатпаев атындағы X аймақтық олимпиадасының бірінші туры

13.00-14.00 – түскі ас

14.30-18.00 – Баянауыл курорттық аймағы бойынша экскурсия

18.00-19.00 – кешкі ас

20.00- 21.30 – «Стартинейджер» би бағдарламасы

22.00-22.30 – екінші кешкі ас

23.00 – ұйықтау уақыты

29 мамыр (жексенбі)

7.30-8.30 – таңғы ас

9.00-13.00 – Қ. Сатпаев атындағы X аймақтық олимпиадасының екінші туры

13.00-14.00 – түскі ас

15.00-16.30 – «Отрядтық бастама» спорттық бағдарламасы

17.00-18.00 – кешкі ас

20.00-21.30 – Қ. Сатпаев атындағы X аймақтық олимпиадасының салтанатты жабылуы

21.30-22.30 – «Достардың кездесуі» дискотека («Жас даурен»)

22.30-23.00 – екінші кешкі ас

23.00 – ұйықтау уақыты

30 мамыр (дүйсенбі)

7.30-8.30 – таңғы ас

9.00 – олимпиада қатысушыларының Павлодарға жол жүруі.

Ұйымдастырушы комитеті

Программа X региональной олимпиады им.К.Сатпаева

26 мая (четверг) – встреча команд (согласно отдельному графику)

27 мая (пятница)

11.00 – выезд в п. Баянаул (сбор по адресу: школа-гимназия им. Ы. Алтынсарина для одаренных детей, ул. Айманова,35)

16.00-17.00 – размещение участников олимпиады

17.00-18.00 – ужин

18.30-19.30 – торжественное открытие X региональной олимпиады им.К.Сатпаева

20.00-21.00 – Вечер знакомств (ОУОЦ «Жас даурен»)

21.30-22.00 – второй ужин

23.00 – отбой

28 мая (суббота)

7.30-8.30 – завтрак

8.45-8.55 – демонстрация видеоролика первого тура (актовый зал, 2 этаж)

9.00-13.00 – первый тур X олимпиады олимпиады им.К.Сатпаева

13.00-14.00 – обед

14.30-17.40 – экскурсия по курортной зоне п. Баянаул

18.00-19.00 – ужин

20.00- 21.30 – танцевальная программа «Стартинейджер» (ОУОЦ «Жас даурен»)

22.00-22.30 – второй ужин

23.00 – отбой

29 мая (воскресенье)

7.30-8.30 – завтрак

9.00-13.00 – второй тур X олимпиады олимпиады им.К.Сатпаева

13.00-14.00 – обед

15.00-16.30 – спортивная программа «Отрядная инициатива» («Жас даурен»)

17.00-18.00 – ужин

20.00-21.30 – торжественное закрытие X олимпиады олимпиады им.К.Сатпаева

21.30-22.30 – дискотека «Встреча друзей» («Жас даурен»)

22.30-23.00 – второй ужин

23.00 – отбой

30 мая (понедельник)

7.30-8.30 – завтрак

9.00 – отъезд участников олимпиады в г.Павлодар

Оргкомитет олимпиады